

4. Blinov I.I., *Slovar spravochnik sovremennogo rossiyskogo professionalnogo obrazovaniya*, 2010, 19 (in Russ).

5. Council of Europe, *Modern languages: Learning, Teaching, Assessment*, 1997, 39 (in Eng).

6. Philip C., *Self-direction for lifelong learning: a comprehensive guide to theory and practice*, 1998, 281 (in Eng).

ӘОЖ 376

А.О. КАНТАЕВА, К.Ш. КОККОЗЕВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университет,
Өскемен қ., Қазақстан

СЕНСОРЛЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Адамның қоршаған әлемді тануы «тірідей көруден», түйсінуден сезім мүшелеріне тікелей әсер ету арқылы шынайы заттардың және құбылыстардың жеке қасиеттерін жаңғырту және қабылдаудан басталады. Түйсінуден мен қабылдаудың дамуы басқа, күрделі таным үрдістерінің (есте сақтау, қиял, ойлау) пайда болуына қажетті алғышарттарды туындататыны белгілі.

Түйін сөздер: сенсорлы жүйе, сенсорлы тәрбие, сенсорлы даму, нейрондар, анализатор.

АСПЕКТЫ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СЕНСОРНОГО ВОСПИТАНИЯ

Познание человека окружающего мира «действительности» начинается с ощущения (отображение отдельных свойств, состояния предметов и явлений, непосредственно воздействующих на органы чувств) и внимания. Развитие ощущения и внимания первичное условие, способствующее явлению сложных психических процессов.

Ключевые слова: сенсорная система, сенсорное воспитание, сенсорное развитие, нейроны, анализаторы.

ASPECTS OF PSYCHO-PEDAGOGICAL EDUCATION TOUCH

The knowledge of man of the world «reality» begins with feeling (display certain properties and state of objects and phenomena, directly affecting the senses) and attention. The development of a sense of focus and primary condition contribute to the phenomenon of complex psychological processes.

Keywords: sensor system, sensory education, sensory development, neurons analyzers.

Әрбір адам қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі, оны бес сезім жүйесі немесе сенсорлы жүйелер: көру, есту, сипап сезу, иіс сезу және дәм сезу көмегімен қабылдайды және танып біледі [1]. Баланың жалпы дамуы

үшін сенсорлы даму және заттардың сыртқы қасиеттері: олардың пішіні, түсі, көлемі, кеңістікте орналасуы, сонымен қатар иісі, дәмі және т.б. жайлы түсінік қалыптастыру маңызды рөлді ойнайды. Бұл сезімдер табиғи жолмен дамиды және қалыптасады, бірақ балаға неғұрлым көп әртүрлі ақпарат түссе, жүйке жасушалараның (нейрондардың) қалыптасу үрдісі соғұрлым белсенді жүреді және ол оның интеллект деңгейіне өз әсерін тигізеді.

Сенсорлы тәрбиелеу мазмұны мен әдістері қабылдау мәні және оның балаларда дамуы жайлы бірқатар маңызды қағидаларға сүйенеді [2]:

– сезімдер мен түйсіктер рецепторлы үрдіс ретінде емес, рефлекторлы үрдіс ретінде қарастырылады. Яғни сезім мен түйсік заттың бөлек қасиеттерінің немесе түгелімен заттың айнадағы шағылысының пассивті сипатына ие емес, ол затты, оның ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған анализаторлардың ерекше әрекеті ретінде қарастырылады. Түйсіктің дамуы сенсорлы әрекеттердің баламен меңгерілуінің ұзақ жолы ретінде қарастырылады;

– баладағы түйсіктің дамуы әлеуметтік сенсорлы тәжірибені меңгеру үрдісі ретінде, үлкен адамдардың ықпалымен жаңа, бұрын болмаған сенсорлы қабілеттерді қалыптастыру ретінде қарастырылады. Ең алдымен, бала адамзатпен бекітілген әдістер ретінде қоршаған ортаны тануды қамтамасыз ететін перцептивті (зерттеуші) әрекеттер жүйесін меңгереді, одан кейін эталондар жүйесін меңгереді және өзінің сенсорлы тәжірибесі (геометриялық пішіндер, түстер, көлемдер, материалдар, дыбыстар биіктігі жүйесі; сөйлеу кезіндегі нормалар; бағыттар жүйесі және т.б.) үшін сапа өлшемі ретінде олармен қолдануды үйренеді;

– түйсік дамуы мәнді әрекет ету үрдісі барысында жүреді: өмірінің бірінші жылында ол баланың заттармен әрекет етуімен байланысты, ал келесіде – одан күрделірек әрекет ету түрлерімен: сурет салумен, конструктивті ойын ойнаумен, еңбек етумен, оқу оқумен. Баланың сенсорлы дамуы мен оның әртүрлі әрекет етуінің дамуы бір-бірімен тығыз байланысқан және өзара шарттасқан [2].

Барлық танымдық үрдістер қатарында сезім мен түйсік танымның бүтін үрдісінде ақпараттың біріншілік көзі орнын алады: сезімдер негізінде түйсік дамиды, одан кейін ес, сөйлеу, ал түйсік ойлаудың негізі болып табылады. Бұл баланың дүниемен танысу барысында сенсорлы үрдістер басты қызметте болған кезде, яғни мектепке дейінгі кезеңде ерекше көрінеді.

Түйсік түрлері бар болатын құбылыстар мен заттардың қабылданатын қасиеттерінің сипатымен анықталады. Түйсіктің әр түрін бала белгілі бір жаста алдындағы тәжірибеге сүйене отырып меңгере бастайды. Түйсіктің келесі түрлерін ажыратады:

– пішінді қабылдау – 1 жасқа дейінгі нәрестелік кезеңде балаға жетімді түйсіктің бірінші түрі, ол заттарды, ең алдымен, пішініне қарай ажыратуға

үйренеді [2];

– түсті қабылдау;

– көлемді қабылдау – меңгеру үшін ең қиын қасиет, өйткені әрқашан да эталон ретінде басқа зат алынады;

– кеңістікті қабылдау – дене, аяқ-қол, бас, көз қозғалыстары арқылы тәжірибе негізінде қалыптасады, оларға заттар қозғалысы кезінде өзгеретін көру образдары, олардың қатынастары, қалыптары қосылады; қозғалыс және сөйлеу қызметінің (сөздерде кеңістіктік ұғымдар бекітіледі) даму деңгейіне байланысты қалыптасады [2];

– уақытты қабылдау – әрекеттер, болып жатқан өмірлік оқиғаларды эмоционалды бастан кешіру, қоршаған орта өзгерістерінің және заттардың сыртқы белгілері арқылы алынған тәжірибе негізінде қалыптасады; бұл белгілердің жиынтығы мынадай ұғымдарда: тәулік, жыл мезгілдері, уақыт өлшем бірліктері, уақыт ағымы (тез, ұзақ, жиі, сирек, кеше, бүгін, ертең) атауларында бекітіледі [3];

– дене қозғалыстарын қабылдау – дене, аяқ-қол қалпын, қозғалыстарды сезінуден қалыптасады және бүтін динамикалық образға бекітіледі;

– заттар мен құбылыстардың ерекше қасиеттерін қабылдау – әртүрлі сезім мүшелерінен алынған, кез келген зат пен құбылыс туралы жан-жақты және дұрысырақ көрініс беретін көру, дәм сезу, иіс сезу, сипап сезу, қозғалыстық, есту сезімдерінің жинақталуы [3];

– бүтін заттарды қабылдау – түйсіктердің барлық түрлерінен алынған ақпараттың кешенді бірігуі нәтижесінде жүзеге асатын түйсіктің басты мақсаты [4].

Д.Б. Эльконин пікірі бойынша, сапалар мен қасиеттердің эталонды мәнін меңгеру үш кезеңде жүреді:

– бірінші кезең – туғаннан бастап үш жасқа дейін – тікелей қозғалыстық бейімделу үшін бала белгілі бір мәнге ие заттардың жеке ерекшеліктерін (заттардың пішінін, көлемін, арақашықтығын және т.б.) көрсететін эталондар алды сенсомоторлы кезеңі;

– екінші кезең – үш жастан бес жасқа дейін – бала заттық эталондармен қолданылады, яғни заттар қасиеттерінің үлгілері нақты бір заттармен қатысты болады, мысалы, сопақ қияр пішінімен анықталады;

– үшінші кезең – бес жастан жоғары – тәжірибе жиналуы негізінде және оның үлкен адам басшылығымен жинақталуы кезінде заттар қасиеттерінің өзі нақты бір заттан ажырап, эталонды мағынаға ие болған кездегі (шөп жасыл, алмалар шар тәрізді, үй шатыры үшбұрышты, қарындаш ағаштан жасалынған) жалпыға ортақ эталондардың балалармен меңгерілуі жүзеге асырылады.

Қоғаммен тұрақтандырылған эталондарды игеру және перцептивті

әрекеттерді меңгеру қабылдау сипатын өзгертеді: бала қоршаған ортаны жалпы тануға, бөлшектенген және толық ұғымдарды қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Урунтаева Г.А. сенсомоторлы дамудың үш кезеңін ажыратады.

Ол сенсомоторлы дамудың бірінші кезеңі нәрестелік деп санайды, бұл кезде жоғары анализаторлар: көру, есту, сипап сезу және қозғалыс мүшесі ретіндегі қолдың дамуынан озады, бұл бала өзін-өзі ұстауының барлық негізгі түрлерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді, яғни бұл үрдісте басты мағынаны анықтайды.

Сенсомоторлы дамудың екінші кезеңіне Г.А. Урунтаева ерте балалық шақты жатқызады және қабылдау мен көру-қозғалу әрекеттері бұл кезеңде өте жетілмеген болып қалатынын айтады.

Г.А. Урунтаева үшінші кезеңді сенсорлы даму өзінің мақсаттары, міндеттері, құралдары және оны жүзеге асыру әдістері бар ерекше танымдық әрекетке сүйенетін мектепке дейінгі жас деп санайды. Ойындық айла-шарғы жасау затты меншікті зерттеу әрекеттерімен ауысады және оның бөлшектерінің, олардың қозғалғыштығының және бір-бірімен байланысының міндетін анықтау үшін оны мақсатты сынап көруге айналады.

И.В. Носко айтуы бойынша, жоғары мектепке дейінгі жаста зерттеу, эксперименттеу, зерттеу әрекеттері сипатына ие болады, олардың кезектілігі баланың сыртқы пікірімен емес, оның алдына қойылған міндетпен анықталады, болжамды-зерттеу әрекеттерінің сипаты өзгереді. Балалар затпен сыртқы тәжірибелік манипуляциялардан кейін затпен көру және сипап сезу негізінде танысуға көшеді. 5-7 жастағы балалар түйсігінің ең маңызды ерекшелігі, ол бағдарлы әрекеттердің басқа түрлерінің тәжірибесін өзінде байланыстыра отырып, көру арқылы қабылдау басты түйсік түріне айналады.

Сонымен сенсорлы даму пішін, түс, көлем, кеңістік, уақыт, дене қозғалысы, заттардың ерекше қасиеттерін және құбылыстарын, бүтін заттарды қабылдаудың қалыптасу үрдісі болып табылады. Бүтін заттарды қабылдау – түйсіктің барлық түрлерінен алынған ақпараттың кешенді бірігуі нәтижесінде жүзеге асырылатын қабылдаудың басты міндеті.

Сенсорлы даму (лат. *sensus* – сезім, түйсік) баланың қоршаған әлем заттарын, объектілері мен құбылыстарын қабылдау және елестету үрдістерінің қалыптасуын білдіреді. Адам дүниеге келгенде оның сезім мүшелері қызмет етуге дайын болады. Бірақ бұл қоршаған болмысты қабылдауға тек алғышарт қана. Толыққанды сенсорлы даму тек сенсорлы тәрбиелеу барысында ғана іске асырылады, бұл кезде балаларда түрлі заттар мен материалдардың түсі, формасы, көлемі, белгілері мен қасиеттері, олардың кеңістікте орналасуы және т.б. жайлы эталонды білімдері мақсатты түрде қалыптаса бастайды, қабылдаудың барлық түрлері дами түседі, осының арқасында баланың ақыл-ой іс-әрекетінің дамуының негізі қаланады [4].

Сенсорлы тәрбиелеу алдағы уақыттағы оқыту мүмкіндігі үшін маңызды болып табылатын психикалық функциялардың қалыптасуына қажетті жағдай тудырады. Ол түйсік пен қабылдаудың көру, есту, сипап-сезу, кинетикалық, кинестетикалық және тағы басқа түрлерін дамытуға бағытталған.

Бала әрбір жас кезеңінде түрлі әсерлерге ерекше сезімтал бола түседі. Осыған байланысты әр жас сатысы мектепке дейінгі жастағы баланың болашақтағы жүйкелік-психикалық дамуы мен жан-жақты тәрбиеленуіне қолайлы, жайлы бола бермек. Баланың жасы кіші болған сайын, оның өмірінде сезімге негізделген тәжірибе маңызды болады. Ерте балалық шақ кезеңінде заттардың қасиеттерімен танысу айқындалушы рөл ойнайды. Н.М. Щелованов ерте жасты сенсорлы тәрбиелеудің «алтын шағы» деп атаған екен.

Мектеп жасына дейінгі педагогика тарихында, оның дамуының барлық кезеңдерінде бұл мәселе басты орында болған еді. Мектеп жасына дейінгі педагогиканың өкілдері (Я. Каменский, Ф. Фребель, М. Монтессори, О. Декроли, Е. И. Тихеева және т.б.) заттардың белгілері және қасиеттерімен таныстыруға арналған түрлі дидактикалық ойындар мен жаттығуларды ойлап шығарды. Аталған авторлардың дидактикалық жүйелерін кеңес теориясының принциптері позициясынан талдау нәтижесі заттардың белгілері мен қасиеттерін таныстыруға арналған жаңа, қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық зерттеулерге негізделген әдістерді өңдеп шығару қажеттілігі туралы қорытындыға келуге негіз болды.

Балаларды сенсорлы дамытудың психологиялық-педагогикалық келістерін қарастыра келе, бұл мәселені зерттеуде ерекше үлес қосқан бірнеше ғалымдарды атап өтуге болады.

Ұлы педагог Фридрих Фребель «Балаларымыз үшін өмір сүреміз» принципін ұстанған және бұл балаларды тәрбиелеудің жаңа жолдары мен әдістерін ізденуге деген мотив болып келеді. Пестолоцци жүйесімен танысу, Ян Амос Каменскийдің «Материнская школа» шығармалары Фребельді өзінің жеке теориясының шығаруына түрткі болды. Фридрих Фребель тұрақты әдістемелік негізге сүйенген өз теориясын құруға ұмтылды:

- әлем баршаға ортақ, біреу ғана, сонымен бірге сан қилы, сан қилылығы мән-мағынасы бойынша ортақ жеке элементтердің бар екендігін бідіреді;
- сан қилылық пен бірліктің көрінуі, оларды анықтау, қоршаған әлемді тану үшін оларды қолдану;
- дамудың қозғаушы күштері: ішкі және сыртқы;
- тең және қарама-қарсы факторлардың теңестірілуі арқылы бірлесіп әрекеттесуі, олардың өмірдегі байланыстары.

1919 ж. атақты философ Рудольф Штейнер Вольдорф педагогикасы деп аталатын халықаралық мәдени-білім беру қозғалысының пайда болуына

себепкер болды. Даму еліктеу арқылы жүзеге асады. Вольдорф мектебінің барлық сатысындағы басты педагогикалық принцип – адамды біртұтас деп қарастыру. Вольдорф педагогикасының мақсаты – баланы қоршаған әлеммен қатынас орнатуға жағдай жасау, оның жасырын қабілеттері мен қасиеттерін дамыту.

Ұлы педагог Мария Монтессоридің тәрбие жұмысындағы терең гуманизм, авторитаризмнің жоқ болуы 100 жылдан бері назар аудартуда. Оның бірқатар идеялары Л.А. Венгер және оның оқушысы жетілдіріп өңдеген сенсорлы тәрбиелеудің негізіне жатты. Монтессоридің педагогикасы ғажайып технологиялық және мұқият ойластырылған. Ол баланың өз қабілеттеріне сай жеке дара темпімен дамуына жол береді. Дамытушы заттық ортада автодидактикалық материалмен өз бетімен жұмыс істеуінің нәтижесінде балалар еркін, өз бетімен жұмыс істей алатыны, бейімделуі жоғары, бақытты бола түсетіні анық [5].

Мектеп жасына дейінгі оқушылардың сенсорлы тәрбиеленуі М. Монтессори жүйесінде ерекше орын алады. «...Түйсінуді тәрбиелеуді әдістемелік тарапынан тым ерте жасынан бастап, оқытудың барлық кезеңдерінде жалғастыру керек, бұл индивидуумды қоғамда өмір сүре алуына дайындайды...». Мақсат ақпарттандыру емес, мақсат – баланың соқыр сезімін (подсознание) санаға, қорытындылауға және жаңалықтарды ашуға көшетін тәжірибеге толтырып, байыта түсу. Психологиялық жайлылық және еркіндік балалардың психологиялық дамуына жағымды әсерін тигізеді. Монтессори жүйесінің педагогикалық идеяларын терең ұғыну оның философиялық көзқарстарын талдау және оның табиғатын түсіну, сонымен бірге баланың даму ерекшеліктерін ескеру негізінде мүмкін болады.

М. Монтессоридің еңбектерінде «тәрбиелеу» және «дамыту» терминдері өте жиі, ал «білім беру» және «оқыту» терминдері сирек кездеседі. Тәрбиелеудің мақсаты – психофизикалық дамуға көмектесу. М. Монтессори бойынша, тәрбиелеудің мәні – «туғанынан бастап өмір сүруіне көмектесу».

Монтессоридің негізгі әдісі – тура әсер етуді шектеп отыру арқылы «дайындалған ортада» балалардың еркін жұмыс істеуі.

Сенсорлы тәрбиелеудің маңыздылығын Н.П. Сакулина, Е.И. Тихеева, Э.Г. Пилюгина сияқты белгілі педагогтер мойындаған. Қазіргі кезде Л.А. Венгер және оның мектебінің мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу жүйесі баршаға белгілі және үлкен қолданысқа ие. Оның негізінде М. Монтессоридің кейбір идеялары жатқандығын айта кеткен абзал. Сенсорлы тәрбиелеудің басты мағынасы – қабылдау шекарасын кеңейту арқылы ойлауды дамытуға негіз құру.

Сенсорлы мәдениеті жоғары балалар бояулардың, дыбыстардың, дәмді сезінудің үлкен гаммасын айыра алу мүмкіндіктері де жоғары болады. Сенсорлы жаттығулар баланың заттарды өлшеміне, формасына, түсіне, салмағына, температурасына, дәміне, шуына, дыбыстарына, майдалылығына немесе, керісінше кедір-бұдырлығына қарай айыра және топтастыра алуына үлкен

көмегін тигізеді.

Талантты, мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеудің ерекше жүйесін ойлап шығарған педагогтердің қатарына Елизавета Ивановна Тихееваны жатқызуға болады. Ол «...қоғамның даму деңгейін, сонымен бірге, бала табиғаты туралы білімді санастыра алатын түрлі педагогикалық жүйелердің оңды тәжірибесін сіңірген тәрбиелеуді» ұстанып, басшылыққа алады. Осыдан оның барлығына бірдей ортақ педагогикалық жүйенің басшылық етуіне түбегейлі қарсылық көрсетуін түсінуге болады. Мектеп жасына дейінгі тәрбиелеу теориясын жетілдіре отырып, ол классикалық мұраны шығармашылық түрде пайдалана алды. Кішкентай бүлдіршінді барлық табиғи қабілеттерінің үйлесімді тұтастығында тәрбиелеу керек. Дамудың көзі – баланы қоршаған сыртқы әлем, заттар, құралдар, ойын, еңбек, ересектермен қарым-қатынас. Педагогтің рөлі – зерттеушілік. Педагог бала тұлғасын тұтастықта зерттейді.

Басқа көрнекті зерттеуші Л.А. Венгер сенсорлы тәрбиелеудің басты бағыты адамзатпен ойлап шығарылған сенсорлы мәдениетпен баланы байыта түсу болу керек деп санайды. Сенсорлы тәрбие беруде баланың сенсорлы эталондар жайлы түсінігінің қалыптасуы ерекше орын алады. Сенсорлы эталондар дегеніміз – заттардың сыртқы қасиеттерінің баршаға ортақ үлгілері. Түстердің сенсорлы эталондары деп спектрдің жеті түсі және олардың ашық-қоюлығына қарай реңдерін атауға болады; форманың эталондары деп геометриялық фигураларды айтамыз; көлемнің эталондары – өлшемнің метрикалық жүйесі. Өзінің сенсорлы эталондарына есту арқылы қабылдау (ана тілінің фонемалары т.б.), дәмді және иісті қабылдау ие.

Сенсорлы эталонды меңгеру қандай да бір қасиетті дұрыс атауды білдіре бермейді (кейбір педагогтер дәл солай ойлап қателеседі). Әрбір қасиеттің түрлілігі жайлы түсінігі болу қажет және, ең бастысы, сол білімді түрлі ситуацияларда түрлі заттардың қасиеттерін талдау мен атап көрсетуде пайдалана алу керек. Яғни сенсорлы эталондары меңгеру – заттардың қасиеттерін бағалау барысында оларды «өлшеу бірліктері» ретінде пайдалану. Үш жастан бастап балаларды сенсорлы тәрбиелеуде баршаға ортақ сенсорлы эталондармен және оларды қолдану тәсілдерімен таныстыру негізгі орынды алады. Таныстыру сабақтардың үстінде, сонымен бірге күнделікті өмірде де іс-әрекеттің тиімді түрлеріне үйрету (сурет салу, мүсіндеу, желімдеу, аппликациялар жасау, құрау) көмегімен іске асырылады. Іс-әрекеттің тиімді түрлерінің әрқайсысы баланың қабылдауына өзінің жеке талаптарын қойып, дамуына үлкен үлес қосады.

Бала өмірінің алғашқы үш жасындағы сенсорлы тәрбиелеудің мақсаты – анализаторлардың қызметінің қалыпты дамуын қамтамасыз ету және заттарды қабылдауды – жеке қасиеттерді (форма, көлем, кеңістікте орналасуы, дыбысы және т.б.) сезімдік тануды қалыптастыру. Аталған қасиеттер осы заттармен

қарапайым әрекет жасаудың, яғни ұстау және манипуляция жасаудың мүмкіндігін және сипатын анықтайтын заттың белгілері ретінде қарастырылады.

Ерте жастағы баланы дұрыс тәрбиелеудің басты шарты – баланың өмір сүру ортасындағы сыртқы әсерлердің түрлілігі, көру және есту әлемінің ұйымдастырылуы (Л.А. Венгер, Ш.А. Абдуллаева, Э.Г. Пилюгина, Н.П. Сакулина және т.б.). Осы шартты орындау үшін бөлмені, әсіресе баланы қоршаған кеңістікті сәйкес құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуі, ересек адамның баламен үнемі қарым-қатынас орнатуы, арнайы жаттығуларды жүйелі түрде өткізуі қажет.

Өмірінің екінші және үшінші жылдарындағы сенсорлы тәрбиелеу, ең алдымен, баланы заттық әрекеттерге үйретуімен сипатталады. Бұл әрекеттер заттарды олардың сыртқы белгілеріне, яғни көлеміне, формасына, кеңістіктегі орналасуына қарай сәйкестендіруді талап етеді. Заттардың сыртқы қасиеттері жайлы білімді меңгеру оларды бір-бірімен сәйкестендіру, салыстыру арқылы жүзеге асырылады (себебі бұл этапта балаларда эталондар туралы білім жоқ болады). Ғалымдардың зерттеулері әрекеттерді дұрыс орындауды меңгерудің ең оптимальді жолын анықтады – практикалық байқап көруден бастап, көру арқылы сәйкестендіру көмегімен әрекеттер жасау. Дидактикалық материалдар, дидактикалық ойыншықтар, заттар-қарулар және құрылыс материалдарын қолдана отырып арнайы ұйымдастырылған сабақтар екі-үш жастағы баланы сенсорлы тәрбиелеудің ең негізгі формасы болып келеді. (С.Л. Новоселова, Л.Н. Павлова, Э.Г. Пилюгина және т.б.). Сонымен бірге қабылдауды дамыту бала іс-әрекетінің барлық аймақтарын, яғни қозғалыстардың дамуын, ойын іс-әрекетін, сөздік қарым-қатынасты, музыкалық тәрбиесін, бейнелеу іс-әрекетін қамтиды және олардың ары қарайғы дамуының басты шарты болып келеді.

Ерте жастағы балаларды сенсорлы тәрбиелеу баланың жалпы дамуының негізі ретінде сенсорлы қабілеттерінің қалыптасуын қамтамасыз ететін педагогикалық формаларда іске асырылады. Үш-жеті жастағы балаларды сенсорлы тәрбиелеуді ұйымдастырудың ең тиімді формасы ретінде сурет салу, мүсіндеу, жабыстыру, құрау сияқты іс-әрекеттер болып келеді [4].

Сонымен бірге балалардың объектілердің сыртқы қасиеттеріне бағдарлану деңгейі объектінің ерекшеліктеріне емес, зерттеу барысында оны қолданған іс-әрекет сипатына тікелей байланысты екендігі анықталды. Сонымен қатар балалардың бағдарлану-зерттеу іс-әрекеті операция жасау тәсілдері мен зерттеу тәсілдерінің жетілгендігінің дәрежесіне байланысты өзгеріп отырады [5].

Қазіргі заманға сай бағдарламалық-әдістемелік құралдар сенсорлы тәрбие беру мәселесіне үлкен мән береді. Ерте жастағы балаларды сенсорлы тәрбиелеуге арналған мақсатты ұйымдастырылған сабақтар қарастырылаған. Алдымен бұл жұмыс сенсорлы білімді жинақтау мен баланы қоршаған ортаны құруды (сөздік және сөздік емес дыбыстар, түрлі және қажетті мөлшердегі көру әсерлері) және

сенсорлы тәрбие беру бойынша арнайы сабақтарды қарастырады (өмірінің алғашқы жылында). Кейін дидактикалық ойындар және арнайы өңделген нұсқаулықтары бар (түрлі-түсті таяқшалар, дидактикалық үстелдер, тығындар, ішпектер мен торлар және т.б.) жаттығулар орындалатын сабақтар өткізіледі. Ары қарай сенсорлы дамыту сурет салу т.б. және күнделікті өмір барысында іске асырылады.

Қазіргі уақытта баланың қабылдау психологиясы саласында сенсорлы тәрбиелеудің көптеген міндеттерінің арасында ең маңыздылары мыналар болып табылады:

– балаларды қоршаған заттық әлемде барынша бағдарлануының дамуына көмектесетін жағдай туғызу;

– заттарды, олардың қасиеттері және қатынастарын зерттеудің жалпыланған тәсілдерін қалыптастыру; қажетті сенсорлы базаны игеру;

– тәжірибе мен сөзді өз уақытында және дұрыс біріктіру;

– түсініктер жоспарын қалыптастыру.

Сенсорлы тәрбие беру қалыпты, сонымен қатар, аномальды дамуы бар балаларға тән іс-әрекеттің негізгі, яғни заттық, ойын, бейнелеу түрлерінің қалыптасуы барысында іске асырылады (О.П. Гаврилушкина, А.А. Катаева, Е.А. Стребелева және т.б.).

Арнайы ұйымдастырылған сабақтардың барысында заттардың қасиеттері мен қатынастарын анықтауға үйрету балалардың перцептивті әрекеттерді және сенсорлы эталондарды игеруі негізінде жүзеге асады.

Ерте жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында заттар мен құрылыс жинағының элементтерін формасына, көлеміне, орнына байланысты айыра алу, салыстыру, топтау, т.б. дағдыларын қалыптастыруға бағытталған арнайы жаттығулар қарастырылған. Затты зерттеу, оны талдай алу және онымен әрекет етудің болашақтағы нәтижесін алдын ала болжау дағдыларын үйретуге ерекше көңіл бөлу ұсынылады. Осы дағдылар іс-әрекеттің бағдарлану фазасының қалыптасуына қажетті бірден-бір шарт болып табылады және алдыға қойылған мақсатқа жетудің сәттілігін айқындайтыны анық.

Оқытудың даярлық кезеңінде балаларда сурет салу іс-әрекетінің қалыптастыру үрдісінде заттардың түрлі қасиеттерін қабылдауға жаттықтыруға бағытталған арнайы дидактикалық ойындар, сонымен қатар көру-қозғалыс үйлестігін дамытуға арналған ойындарды қолдану ұсынылады. Зерттеуді үйрету ерекше орын алады, оған: затты тұтастай қабылдау; негізгі бөліктерін табу; құрамдардың формасын, түсін, орналасуын және салыстырмалы көлемін талдау; затты қайтатұтастай қабылдау жатады. Заттың формасын қабылдаудың дұрыстығы модельдеуші қозғалыстарды (бейнелеу алдында затты контур бойынша басып алу, ермексазбен жұмыс істеу алдында сипап-сезіну) қалыптастыруға арналған

жеке жұмыс өткізумен қамтамасыз етіледі.

Сенсорлы аймақтың дамуының басты шарты ретінде баланың сөйлеуінің даму деңгейіне қарамастан сенсорлы тәжірибені берудің балаға қолжетімді барлық тәсілдерін пайдалану қажеттігі, сенсорлы даму талаптарына сәйкес бағдарламалық мақсат-міндеттерді дұрыс таңдау аталады. Сенсорлы тәрбие беру жүйесіне сенсорлы тәжірибені – ым (қимылдық) нұсқауын түсінуді, еліктеуді – игерудің барлық әдіс-тәсілдерін меңгертуге бағытталған арнайы жұмыс енгізілу қажет.

М.Б. Медведева и Т.П. Бабич ұсынған дидактикалық және танымдық ойындар жүйесі қызығушылық танытады. Аталған жүйе өз алдына «түс, форма және көлемді кеңістіктегі бағдарды, көру зейінін, талдау-синтез іс-әрекетін мақсатты түрде қабылдауды» дамыту мақсатын қояды және нақты, дәлелге сүйенген жүйелі жұмысты қарастырады. Сонымен заттардың көлемі жайлы түсінікті қалыптастыруды авторлар былай жүзеге асыруды ұсынады: заттарды өлшеміне қарай, жалпы көлеміне қарай (матрешка, пирамида) салыстыру, сәйкестендіру; заттарды көлеміне қарай сөзбен бейнелеу: ұзын, қысқа жолдарды көрсету; заттарды ұлғаю немесе кему тәртібі бойынша орналастыру; көзбен шамалауды дамыту; ритм сезімін дамыту; көру зейінін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар.

Сенсорлы тәрбиелеу бойынша жұмыстарды заттық-практикалық (Г.В. Цикото), бейнелеу (А.А. Еремина), ойын (А.Р. Маллер) және қарапайым еңбек іс-әрекеттері үрдісінде өткізу ұсынылады. Осы бағыттағы жұмыстың негізгі формасы – жаттығу және дидактикалық ойын.

Талдаудың соңында келесі қорытындылар шығаруға болады:

1 Ерте жастағы балаларды сенсорлы-перцептивті дамыту және сенсорлы тәрбиелеу мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық әдебиетті талдау қазіргі уақытта қабылдау өз құрылымында мотивациялық-тұлғалық және операциялық-техникалық компонентке ие ерекше іс-әрекет ретінде қарастырылатынын көрсетті.

2 Ерте және мектепке дейінгі жастағы балаларда анализаторлық жүйелердің табиғи анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері түріндегі сенсорлы дамуға деген органикалық алғышарттар болады. Алайда бұл алғышарттар баланың адам тәжірибесін өз бетінше бастапқы меңгеруі үшін жеткіліксіз екендігі анықталды.

3 Қабылдаудың дамуы сенсорлы тәрбие беру үрдісі барысында жүзеге асырылады. Сенсорлы тәрбие берудің педагогикалық мағынасы – педагогтің көмегімен жүзеге асатын және өз бойына оқытудың барлық түрлерін және арнайы өткізілетін тәрбие жұмысын жинақтаған мақсатқа бағытталған үрдіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Филичева Т.Б. Основы логопедии / Т.Б. Филичева, Н.А. Чевелева, Г.В. Чиркина. – М.: Просвещение, 1989. – 126 с.

2. Фотекова Т.А. Тестовая методика диагностики устной речи младших школьников / Т.А. Фотекова. – М.: АРКТИ, 2000. – 55 с.
3. Жарықбаев Қ. Психология / Қ. Жарықбаев. – Алматы: Білім, 1993 – 170 б.
4. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. – 3 басылым / құрастырған А. Шақенов. – Алматы: Арман, 2004. – Б. 26-85.
5. Лалаева Р.И. Особенности речевого развития умственно отсталых школьников / Р.И. Лалаева // Дефектология. – 2003. – №3. – 29 с.

REFERENCES

1. Filicheva T.B., Cheveleva N.A., Chirkina G.V., *Osnovy logopedii. M., Prosveshhenie, 1989, 126 (in Russ).*
2. Fotekova T.A., *Testovaja metodika diagnostiki ustnoj rechi mladshih shkol'nikov. M., ARKTI, 2000, 55 (in Russ).*
3. Zharyqbaev Q., *Psixologija. Almaty, Bilim, 1993, 170 (in Kaz).*
4. Shakenov A., *Qazaq balalar adebietinin hrestomatijasy. 3 basylym. Qurastyrgan. Almaty, Arman, 2004, 26-85 (in Kaz).*
5. Lalaeva R.I., *Osobennosti rechevogo razvitija umstvenno otstalyh shkol'nikov. Defektologija, 2003, 3, 29 (in Russ).*

УДК 78.08:781.5

С.Т. КОРПЕТАНОВА

Колледж Казахского Национального университета искусств,
г. Астана, Казахстан

РОМАНТИЧЕСКИЕ ОБРАЗЫ В МУЗЫКЕ Ф. ШУБЕРТА

Статья о творчестве Ф. Шуберта, первого композитора-романтика, создавшего неповторимые музыкальные образы, новые композиционные принципы и средства выразительности, высокое единение поэтического текста и музыки. Осмысление поэтичности и выразительности фортепианной музыки и музыкальных образов Шуберта, чья вокальная лирика включена в программы музыкальных классов вузов, певец и пианист обогащают свою фантазию, звуковое воображение, что позволяет достичь еще большей глубины и музыкальной законченности.

Ключевые слова: музыкально-поэтическая форма, вокальные циклы, музыкальные жанры, ритмы, имитации и темпы

Ф. ШУБЕРТ МУЗЫКАСЫНДАҒЫ РОМАНТИКАЛЫҚ ОБРАЗДАР

Мақалада қайталанбас музыкалық образдарды жасаған тұңғыш композитор-романтик Ф. Шуберттің шығармашылығындағы жаңа композициялық қағидаттар мен мәнерлеу тәсілдері, поэтикалық мәтін мен музыканың ұйқастығы қарастырылған. ЖОО музыкалық сынып бағдарламаларына вокалдық лирикасы енген Шуберттің фортепиано музыкасы мен музыкалық образдарының поэтикасы мен көркемділігін танып-білу әншілер мен пианистердің дыбыстық қиялы мен музыкалық ой-өрісін дамытуға мүмкіндік береді.